

Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында авияжолаушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыруға қатысты нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2000 жылғы 9 қазандағы N 409-1 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 7.11.2000 ж. тіркелді. Тіркеу N 1277. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 05 мамырдағы № 253 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.05.05 № 253 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында жолаушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырғандар бекітілсін:

1) Халықаралық авиарейстердің жолаушыларына қызмет көрсетудің е р е ж е л е р і ;

2) Қазақстан Республикасының әуежайларындағы аса маңызды тұлғалар мен ресми делегацияларға арналған залдарда (VIP) жұмысты ұйымдастыру мен қызмет көрсетудің е р е ж е л е р і ;

3) Қазақстан Республикасының әуежайларындағы бизнес залдарда (CIP) жұмысты ұйымдастыру мен қызмет көрсетудің е р е ж е л е р і ;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайлары аумағында р ұ қ с а т т а м а б е р у е р е ж е л е р і ;

5) Астана, Алматы және Атырау қалалары әуежайларының халықаралық рейстердің жолаушыларын қабылдау және жіберу жөніндегі қызметін жақсартудың і с - ш а р а л а р ы ж о с п а р ы .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Ә.Қ.Баталов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және таныстыру мен таратуға жатады.

Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к

ж әне

к о м м у н и к а ц и я л а р

м и н и с т р і н і ң

Қазақстан Республикасының әуежайларындағы аса маңызды тұлғаларға арналған залдарда (VIP) жолаушылар мен ресми делегацияларға қызмет көрсету мен жұмысты ұйымдастыру ережелері

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының әуежайларындағы аса маңызды тұлғаларға арналған залдарда (VIP) жолаушылар мен ресми делегацияларға қызмет көрсету жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттарын белгілейді.

2. Ресмилікті оңайлату мақсатында VIP жолаушыларына арналған күту залдары бақыланатын аймақ шегінде орналасуы тиіс.

3. VIP залдарда Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігі, Президент істері басқармасы, Премьер-Министрдің кеңсесі, Сыртқы істер министрлігі (Мемлекеттік хаттама қызметі мен Дипломатиялық корпуспен жұмыс істеу департаменті), Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті басшыларының алдын ала тапсырыстары бойынша тұлғаларға қызмет көрсетілуі мүмкін.

4. Егер делегация басшысы:
Мемлекет басшысы,
Үкімет басшысы,
Парламент, Сенат басшылары,
Мәртебесі бойынша Үкімет басшыларына теңдес
халықаралық ұйымдар басшылары,
Сыртқы істер министрлері,
Мемлекет басшысының арнайы елшілері,
Қазақстан Республикасы мемлекет басшысының шақыруы бойынша
Қазақстан Республикасы Президентінің жеке қонақтары,
Сенім грамоталарын тапсыруға келетін елшілер болған жағдайларда қарсы алу мен шығарып салулар әуе кемесінің тарапынша жүзеге асырылады. Сонымен қатар Сыртқы істер министрлігінің Мемлекеттік хаттама басқармасының қызметкерлері VIP залдың қызметкерлерімен бірге меймандарды әуе кемесінің трабында қарсы алады.

5. Рейстің келуімен (кетуімен) VIP залдардың және Мемлекеттік хаттама қызметінің қызметкерлері жолаушыларды әуежайдың автокөлігімен әуе

кемесінен (кемесіне) қарсы алады да, кедендік және шекаралық бақылау пункттері арқылы ілесіп жүреді. Теңдеме жүкті ресімдеу және жеткізу үшін қабылдағыш-тапсырғыш және әуежай автокөлігі беріледі.

6. VIP залдарда қызмет жасауға тиісті жағдай жасау мен оны сақтау әуежай, кеден, авиация қауіпсіздік қызметі және шекаралық бақылаудың басшылары бақылау-өткізу пункті мен VIP залдар арқылы өтетін тұлғаларға қызмет көрсету тәртібін, сондай-ақ бақылау-өткізу және залдар қызметкерлерінің өзара іс-қимылын реттейтін тәртіпті әзірлейді және бекітеді. Әуежай әкімшілігі VIP залдарда тікелей қызмет көрсетілетін жолаушылардың теңдеме, қол жүгінің бүтіндігі мен сақталуына және қауіпсіздігіне толықтай жауап береді.

7. VIP залдардың қызметкерлері өз қызметтерінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамаларын басшылыққа алады.

8. VIP залдарда қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін қызметкерлер деркезінде құжаттар мен теңдеме жүкті ресімдеуге, жолаушыларға ұшақтың келу және кету уақытын хабарлауға, жолаушыларды әуе кемесіне және әуе кемесінен жеткізуді қамтамасыз етулері тиіс.

Әуежай әкімшілігі VIP залдарда тікелей қызмет көрсетілетін жолаушылардың теңдеме, қол жүгінің бүтіндігі мен сақталуына және олардың қауіпсіздігіне толықтай жауап береді.

9. VIP залдарда билеттерді тіркеу мен теңдеме жүктерді ресімдеу ұшақтың ұшуына 40 минут қалғанда аяқталады, залға жолаушылардың келу уақыты туралы алдын ала ескертілген жекелеген жағдайларда әуе кемесіне жолаушыларды отырғызуды аяқтау уақытын сақтай отырып, неғұрлым кеш ресімдеуге рұқсат беріледі.

10. Дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын тұлғаларды қоспағанда, барлық жолаушылар мен олардың қол жүктері шекаралық және кедендік бақылаудан өтеді.

Қазақстан Республикасының әуежайларындағы бизнес-залдарында (CIP) жолаушыларға қызмет көрсету мен жұмысты ұйымдастыру ережелері

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының әуежайларындағы бизнес-залдарда (CIP) жолаушыларға қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Бизнес зал бизнес-класс жолаушыларына және қызмет көрсету класын жақсартқысы келген жолаушыларға арналады.

3. Бизнес залдар арнайы қондырғылармен, сервистік қызметтер көрсету мен жолаушылардың қауіпсіздігіне қажетті жағдайларға сәйкес бөлек шығулар және

кірулермен жабдықталуы керек. Жұмыс ережесі әуежай жұмысының тәртібіне сәйкес айқындалады.

4. Бизнес залдарда жолаушыларға қызмет көрсету монополияға қарсы заңнамаға сәйкес бекітілген тарифтеріне сәйкес қолма-қол және аударым арқылы а қ ы л ы жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 7 тамыздағы N 246-І бұйрығымен.

5. Әуежай бизнес залдарда тікелей қызмет көрсетілетін жолаушылардың теңдеме, қол жүгінің бүтіндігі мен сақталуына және олардың қауіпсіздігіне толықтай жауап береді.

6. Бизнес залдарда қызмет жасаудың тиісті жағдайын жасау мен сақтау мақсатында әуежай, кеден және шекаралық бақылау қызметтерінің басшылары бизнес-залдар арқылы өтетін тұлғаларға қызмет көрсету тәртібін, сондай-ақ бақылау өткізу және бизнес-зал қызметкерлерінің өзара іс-қимылын реттейтін режимді әзірлейді және бекітеді.

7. Бизнес залдарда қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін қызметкерлер тасымалданатын құжаттарды, қол жүгін және теңдеме жүкті ресімдейді, жолаушыларға ұшақтың келу және кету уақытын хабарлайды, жолаушыларды қол жүгін және теңдеме жүкті әуе кемесіне және әуе кемесінен жеткізуді қамтамсыз етеді.

8. Рейстің келуімен бизнес-залдардың қызметкерлері жолаушыларды әуежайдың автокөлігімен әуе кемесінен (кемесіне) қарсы алады да, кедендік және төлқұжаттық бақылау пункттері арқылы қызметтің белгілі бір түрлері көрсетілген бизнес-залдарға шығарып салады.

9. Барлық жолаушылар мен олардың қол жүктері мен теңдеме жүктері шекаралық және кедендік бақылаудан өтеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я л а р
м и н и с т р і н і ң
2 0 0 0 ж ы л ғ ы 9 қ а з а н д а ғ ы
N 4 0 9 - 1 б ұ й р ы ғ ы м е н
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайлары аумағында рұқсатнамалар беру ережелері 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайлары аумағында рұқсатнамалар беру жөніндегі ережелер (бұдан әрі - Ережелер) "Мемлекеттік шекара туралы", "Қазақстан Республикасының кедендік ісі туралы", "

Жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңдардың ережелерін ИКАО тәжірибесімен ұсынылған стандарттарды "Әуе кеңістігін пайдалану және Қазақстан Республикасының авиациялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығын және "Терроризм мен экстремизм көріністерін ескерту және жою жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпандағы Жарлығын іске асыру мақсатында әзірленді.

Осы Ережелер азаматтық авиация қауіпсіздігін заңсыз араласу актілерінен қорғау жөніндегі талаптар мен тәртіпті белгілейді және Қазақстан Республикасындағы халықаралық әуежайларда рұқсатнамалық және объектішілік тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталады.

Ережелер әуежайлардың, кеден, шекаралық және басқа да қызметтердің, авиакомпаниялардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысшылары мен қызметкерлеріне, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер басшылары мен авиациялық қауіпсіздік қызметінің жұмысшыларына қол қойылып жеткізіледі.

2. Ережелердің талаптары:

1) әуежай объектісіне, жолаушыларды, жүктерді және әуе кемесін шекаралық және кедендік ресімдеу аймағына бөгде адамдардың кіруін болдырмауды;

2) адамдар мен көлік құралдарының шекаралық және кедендік ресімдеу аумағына (аумағынан), әуежай объектілеріне кіргенде (шыққанда) тәртіп сақтауды ;

3) әуежай аумағындағы кедендік бақылау аймағында заңнаманы қолдану;

4) шекаралық және бақылау-өткізу бекеттерінде шекаралық және рұқсатнамалық тәртіпті қадағалауды;

5) тауарлардың, көлік құралдарының және адамдардың кедендік бақылау аймағы мен әуежай аумағындағы оның шегі арқылы заңсыз ауысуының алдын алуды ;

6) қорғалатын кедендік аймақтан авиациялық мүлік және басқа да материалдық құндылықтарды заңсыз шығарудың (алып шығарудың) алдын алуды ;

7) аумаққа әуе кемелерімен тасымалдауға тыйым салынған от қару, суық қару , жарылғыш заттар және басқада заттарды әкелудің (әкетудің) алдын алуды;

8) рұқсатнамалық және объектішілік тәртіптің талаптарын әуежайдың, кедендік бекеттердің, авиакомпаниялардың, прокуратураның, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қызметкерлерінің және аумаққа келген басқа да ұйымдар тұлғаларының міндетті түрде орындауын қамтамасыз етеді.

2. Рұқсатнамалық және объектішілік тәртіпті қамтамасыз ететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

3. Халықаралық авиарейстерге қызмет көрсетуде:

1) бақыланатын аймақта рұқсатнамалық және объектішілік тәртіпті ұйымдастыру мен сақтау жауапкершілігі әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметіне (ААҚ) жүктеледі;

2) халықаралық рейстерді қамтамасыз етуде кезеңдік ресімдеу орындарында тәртіпті ұйымдастыру мен орнату жауапкершілігі Кедендік бекетке жүктеледі;

3) халықаралық рейстерді қамтамасыз етуде шекаралық тәртіпті ұйымдастыру мен орнату жауапкершілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің бөлімдеріне (ШҚБ) жүктеледі;

4) объектішілік тәртіпті қамтамасыз ету жауапкершілігі әскери объектілерге рұқсатнамалық тәртіпті қадағалауды бақылауға аэродромның әскери комендатурасы жауапты;

5) объектішілік тәртіпті қамтамасыз ету жауапкершілігі мен рұқсатнамалық тәртіптің бағынышты қызметкерлерді қадағалауды бақылау әуежай аумағында жұмыс жүргізетін құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі;

6) Ережелердің талаптарын бұзатын тұлғалар заңнамада белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады.

3. Рұқсатнамалық тәртіп

4. Рұқсатнамалық тәртіп - тұлғалар мен көлікті шекаралық, кедендік, әуежайдың бақыланатын аймағына, қызмет пен өндіріс ғимараттарына жіберу шараларының жиынтығы.

5. Әуежайларда рұқсатнамалық тәртіпті енгізу:

1) шекаралық, кедендік және бақыланатын аймаққа, аэродромның, әуе кемелерінің тұрақтарына бөгде адамдардың, көліктің заңсыз кіруіне немесе жануарлардың енуіне жол бермеу;

2) шекаралық және кедендік аймаққа, аэродромның, қоймалардың және басқа да объектілердің аумағына (аумағынан) адамдар мен көлік құралдарының кіруі кезінде (шығуы кезінде) тәртіпті орнату және сақтау;

3) контрабанданы, мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтудің алдын алу;

4) жолаушылар мен қызмет көрсетуші қызметшілерді перронға әуе кемелеріне отырғызу орындарына жіберудің тиісті тәртібін орнатумен теңдеме жүк пен тасымалданатын жүктерді қайта тексеруді өткен адамдарды мұндай

тексеруді өтпеген адамдармен байланысқа жібермеу есебімен жеткізу және алуда жолаушылар мен әуе кемелері экипажының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін талап етіледі.

6. Осы Ережелердің 5-тармағында жазылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған рұқсатнамалық тәртіпті енгізудің алдында дайындық жұмыстары өтуі керек, оның ішінде:

1) шекаралық, кедендік бақылаудың және бақыланатын аймақтың шекараларын айқындау;

2) жолаушыларды, жүктерді және әуе кемелерін шекаралық, кедендік ресімдеу аймағын белгілеу;

3) аэродромдар аумағын, жанар-жағар май (бұдан әрі - ЖЖМ) объектілерін, жүк, материалдық-техникалық қоймаларды, радио-техникалық қамтамасыздандыру (бұдан әрі - РТҚ) және байланыс құралдарын оларға инженерлік-техникалық қорғау құралдарын енгізумен, бақыланатын аймаққа енуге тыйым салатын қоршау периметрлері бойынша ескерту аншлагтарын о р н а т у ;

4) жеке, көліктік және "материалдық рұқсатнамалардың" біртұтас жүйесін енгізу және оларды есепке алу, тіркеу мен беру бойынша жұмысты ұйымдастыру ;

5) аэродром аумағын ішкі жағынан патрульдеуді ұйымдастыру, арнайы автокөлік құралдарында авиация қауіпсіздігі қызметінің нарядтарымен маңызды о б ъ е к т і л е р д і қ о р ш а у ;

6) жолаушылар мен экипаждың перрон мен әуе кемесінде отырғызу орындарына және кері жүру бағытын енгізу, көрсетілген бағыт бойынша оларды жеткізудің тәсілдерін белгілеу;

7. Адамдардың әуежай аумағы мен олардың объектілеріне, қызмет ғимараттарына өтуі, сондай-ақ кәсіпорындардың материалдық құндылықтарын және тасымалдағы басқа да құрылымдар мен ұйымдардың жүктерін шығару және әкелу шекаралық және кедендік қызметтердің келісімімен тек бақылау-тексеру бекеттері (бұдан әрі - БТБ) арқылы жүргізіледі.

8. Өрт немесе төтенше оқиға жағдайларында кәсіпорынның аумағындағы жеке объектілерге өту үшін жабық және мөр басылған күйіндегі қор есебіндегі БТБ болуы тиіс, оларды жабық және оларды ұстау мен пайдалану жауапкершілігі ААҚ-не жүктеледі.

9. Тәртіпті күшейту мақсатында әуежай аумағы тәртіптік аймақтарға бөлінеді :

- 1 - әуе ж а й о б ъ е к т і л е р і ,
- 2 - ж а н а р - ж а ğ а р м а й о б ъ е к т і л е р і ,
- 3 - әуе кемесі, инженерлік-авиациялық қызмет (ИАҚ),

4-тасымалдарды ұйымдастыру қызметі (ТҰҚ).

Халықаралық рейстерге қызмет көрсетуде қосымша аймақтар енгізіледі:

А - авиациялық қауіпсіздік және шекаралық бақылау желісіне дейін жолаушылармен тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеу,

В - шекаралық бақылау аймағы, Қазақстан Республикасына кіру және шығу құқығына құжаттарды тексеру,

С - шекаралық бақылау аймағы, бортқа кіру құқығымен әуе кемесін ресімдеу,

Д - шекаралық бақылау аймағына, бортқа кіру құқығынсыз әуе кемесін тұрақта ресімдеу,

Е - кедендік бақылаудағы тауарларды уақытша сақтау, орындары соның ішінде уақытша сақтау қоймалары (УСК).

10. Тәртіптік аймаққа сәйкес әуежай, шекаралық және кедендік органдар басшылары рұқсатнамалық және объектішілік тәртіпті бақылайды. Рұқсатнама беруді шекаралық, кедендік органдармен келісе отырып, әуежай әкімшілігі жүзеге асырады.

11. Қызметкерлердің әуе кемелерінің тұрақтарына енуіне рұқсат тек жұмыс жүргізу уақытында әуе кемелерінің ұшып келу (ұшып шығу) технологиясы мен кестесіне сәйкес рұқсат етіледі.

12. Жұмысшыларды әуе кемелерінің тұрақтарына жіберу әуе кемелерінің технологиясына және ұшып келу (ұшып кету) кестесіне сәйкес тек жұмыс жүргізу уақытында рұқсат беріледі.

4. Шекаралық, кедендік бақыланатын аймаққа, әуежайдың ғимараты мен объектілеріне өткізу тәртібі

13. Әуежай, шекара, кедендік қызмет, құқық қорғау органдары, авиакомпаниялар және басқа да ұйымдар мен ведомстволардың қызметкерлері өздерінің және ведомствоға қарасты объектілеріне және әуежай аумағына белгіленген үлгідегі рұқсатнама-тархеткалар бойынша өтеді.

14. Әуежайда жұмыс істемейтін адамдарға кіруге рұқсат уақытша рұқсатнама (бір жолғы), өтініш хат негізінде берілген іссапарлық жазба, құжат немесе төлқұжатты көрсетуі арқылы беріледі.

15. Қызмет автокөлігінің әскери объектілерге кіруі әуежай, кедендік, шекаралық органдар басшылығымен келісім бойынша комендатура қызметкерінің ілесуімен жүзеге асырылады.

16. Жеке басын куәландыратын құжат болып:
төлқұжат немесе азаматтың жеке куәлігі;

Президент аппаратының Сенат, Мәслихат, Қазақстан Республикасының

Үкіметінің қызметкерлерінің жеке куәлігі;

Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскери қызметкерлерінің, Прокуратураның, Кеден қызметінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Көлік және коммуникациялар министрлігі қызметкерлерінің куәлігі болып табылады.

17. Жеке басын куәландыратын құжат көрсетілгеннен кейін, заңнамада қарастырылған қызмет міндеттемелерін орындау үшін әуежайдың штабына кедергісіз өту құқығын мемлекеттік органдар мен құрылымдардың лауазымды тұлғалары пайдаланады.

18. Әуежайда тұрақты жұмыс істейтін Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі, Прокуратура, Кеден қызметінің қызметкерлері әуежай аумағына белгіленген үлгідегі рұқсатнамалар бойынша жіберіледі.

19. Әуежай, авиакомпаниялар және басқа да ұйымдар мен ведомстволардың қызметкерлері ғимаратқа, объектілерге және әуежай аумағына ішкі тәртіппен және ауысым жұмыс кестесімен орнатылған белгіленген жұмыс сағаттары уақытында жіберіледі.

20. Әуежайлар, ұйымдар басшылары және олардың орынбасарлары, қызмет басшылары ғимараттарға, аумаққа және оларға сеніп тапсырылатын объектілерге тәулік бойына, соның ішінде демалыс және мейрам күндері өте алады.

Жұмыс уақыты емес кезде сонымен қатар демалыс, мейрам күндері және қажет болған жағдайда жұмысшылар мен қызметкерлерді қосымша жұмысқа қалдыру (жұмыс ауысымынан басқа), әуежайдың, ұйымдардың және авиакомпаниялар жұмысшыларының ғимараттарға, аумақтар мен объектілерге келуіне қызметтердің, бөлімдердің, цехтардың бастықтары немесе олардың орынбасарларының қолы қойылған тізім бойынша рұқсат етіледі. Бұл тізімдер тиісті бастық арқылы авиациялық қауіпсіздік қызметіне табыс етіледі.

21. Өз ұшақтары мен жолаушыларына қызмет көрсету үшін әуежай аумағындағы тұрақты шет елдік авиакомпаниялардың өкілдері бақыланатын аймаққа белгіленген үлгідегі рұқсатнамамен кіреді. Олардың бақыланатын аймақта болуына әуе кемесін ресімдеу және жіберу кезеңінде рұқсат беріледі.

22. Әуежайдың аумағына немесе объекттеріне мәжіліске немесе басқа да іс-шараларға келген адамдарды жіберу авиациялық қауіпсіздік қызметі басшысының келісімімен жеке басын куәландыратын құжат көрсетуі арқылы тізім бойынша жүзуге асырылады.

23. Өрт, авария немесе басқа да апаттық жағдайды жою үшін өрт және апаттық-құтқару командаларының ұрыс есебі, сонымен қатар бақытсыз жағдайда жедел жәрдем жұмысшылары бақыланатын аймаққа кедергісіз жіберіледі. Жедел

жәрдем, апаттық бригадалар және өрт командаларын шақыру туралы БТБ және әуежайдың тиісті қызметтеріне жағдай туралы хабарландыратын АҚҚ-нің бастығын немесе қарауылдың көмекшісін мәселемен таныстарды.

24. Темір жол көлігі темір жол тармақтарын пайдаланып әуежай басшылығымен тиісті басшылардың ұсынуымен бекітілген тәртіппен әуежай аумағының объектілеріне кіреді және шығады.

25. Әуежайдың, авиакәсіпорындардың және басқа да ұйымдардың автокөлігін әуежайға жіберу әуежай бастығының атына жазылған дәлелді өтініш-хат негізінде берілген және шекаралық және кедендік органдармен келісілген белгіленген үлгідегі, автокөлікке рұқсатнама бойынша жүзеге асырылады.

26. Қызмет автокөліктерінің жүргізушілері әуежай қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі инспектордан әуе кемесіне қызмет көрсету аймағына кіру құқығынсыз аэродромдағы жүру тәртібі бойынша нұсқау алуға және тәжірибелік оқудан өтуге міндетті.

27. Жеке нөмірлі автокөлікке "Көрсетушіге" рұқсатнамасы заңсыз болып т а б ы л а д ы .

АҚҚ жұмысшылары, ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі инспекция әуежайдың шекаралық, кедендік және бақыланатын аймақта шекаралық және кедендік қ ы з м е т т е р

н а р ы д ы :

көлік рұқсатнамасының болуы;
жүргізушіде аэродром аумағына ену талоны;
жолаушы мәртебесінің сәйкестігі тексеріледі.

Көлік құралына рұқсатнамаға тек онда көрсетілген жолаушы ұсынғанда күші бар. Бақыланатын аймақта рұқсатнаманы басқа адамның пайдалануына жол берілмейді.

28. Қорғалатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қорғау іс-шараларды жүргізу кезеңінде автокөлік құралдарының кіру режимін Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады.

5. Шекаралық және кедендік ресімдеу орындарына арнайы іс-шаралар өткізу кезінде ену тәртібі

29. Жеткілікті негіздеме болған жағдайда азаматтық авиация объектілерімен айналысушы құқық қорғау органдарының, салық полициясының қызметкерлері, шекаралық және кедендік ресімдеу орындарындағы арнайы іс-шаралар заңға сәйкес ресімделетін жазбаша нұсқаулықпен, Қазақстан Республикасы Ұлттық

қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметі бөлімі бастығының, кедендік орган бастығының немесе оларды алмастыратын адамдардың қолы қойылған және белгіленген үлгідегі рұқсатнаманың болуымен жүзеге асады.

30. Келетін әуе кемелерінен жүк түсіруді құқық қорғау органдарының, салық полициясының қызметкерлерімен бақылау да жазбаша нұсқаулық бойынша олардың өтуін қамтамасыз ететін және ұйымдастыратын әуежайдың ауысымдық бастығының рұқсатымен жүзеге асырылады.

31. Қайта тексеру аймағына қоғамдық тәртіп сақтауға міндетті құқық қорғау органдарының қызметкерлері қажет болған жағдайда ауысымдық тізім бойынша және ШҚБ қызметкерлерінің, кедендік және шекаралық қызметтің шақыруы бойынша жіберіледі.

32. Прокуратураның, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті, Көліктік бақылау комитетінің, Мемлекеттік кіріс министрлігі Кедендік комитет және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің бақылаушы органдары белгіленген үлгідегі рұқсатнама-тархеткалармен жіберіледі.

Әділет (сот орындаушылары) қызметкерлерінің енуі мен іс-қимылы заңдарға сәйкес және әуежай пайдаланушысының кедендік және шекаралық органдардың келісімімен жүзеге асырылады.

6. Ұшу құрамының аэродромына өту

33. ӘК экипаждарының мүшелері сонымен қатар басқа кәсіпорындардан, Қазақстан Республикасы авиакомпаниясынан тапсырма орындауға келген академиялардың инспекторлары мен тыңдаушылары аэродромға халықаралық үлгіде белгіленген жеке басын куәландыратын карта бойынша жіберіледі.

34. Өндірістік қызметке негізделмеген мақсаттар үшін бірегейлендірілген карточканы пайдалануға тыйым салынады.

35. Ұшуды орындау үшін экипаж мүшелері, олардың багажын өткізу тек қауіпсіздікке арналған бақылау бекеті арқылы жүзеге асырылады.

36. Халықаралық авиарейстер орындауда экипаж мүшелері кедендік және шекаралық ресімдеу орындарында кедендік және шекаралық бақылауды жалпылай белгіленген тәртіппен өтеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметі ШБО бастығының шешімі бойынша экипажды шекаралық бақылау әуе кемесінің бортында жүзеге асырылуы мүмкін.

37. ӘК экипажы мүшелеріне бірегейлендірілген карточка беруге негіздеме базалық авиакәсіпорындардың басшыларынан ӘК экипажы құрамында көзделген өтініш-хат болып табылады.

38. Ұшу экипажы мүшесінің бірегейлендірілген карточкасы үш жылға беріледі. Көрсетілген мерзімнің аяқталуы бойынша бірдейлендірілген карточка әуежайдың рұқсатнама бюросына тапсырылып, орнына белгіленген тәртіппен осындай мерзімге жанасы беріледі.

39. Рұқсатнаманы жоғалтқан жағдайда оны жоғалтқан тұлға ол туралы өзінің тікелей бастығына хабарлайды. Сонымен қатар міндетті түрде 1 тәуліктің ішінде әуежайдың уәкілетті қызметтерін құлақтандырады. Көрсетілген құжатты іздеуге шара қолданылады. Егер үш күн ішінде құжат табылмаса, оның жоғалу жағдайы жөнінде қызметтік тергеу тағайындалады. Тергеу нәтижелері бойынша жұмысшының айыптылығы дәрежесі және оған түпнұсқаны оның үш есе құнын ұстаумен беру жөніндегі қорытынды жасалады.

40. Экипаж мүшесін жұмыстан босату, оны басқа жұмысқа ауыстыру кезінде ол бірегейлендірілген карточка рұқсатнама бюросына тапсыруға міндетті, ол туралы оның аралау қағазында белгі жасалынады. Осы шартты орындау барысында кадрлық органдар, кәсіпорындар басшылары тапсыруға тиісті шаралар қабылдауға және әуежайдың уәкілеттендірілген қызметтерін құлақтандыруға міндетті.

41. Шет елдік авиакомпаниялар ұшақтары экипаждарының мүшелері әуежай аумағына ұлттық төлқұжаттары бойынша рейс мағлұматы болумен жіберіледі.

7. Әуежай аумағынан материалдық құндылықтарды шығару, енгізу тәртібі

42. Материалдық құндылықтар (аппаратура, жабдықтар, механизмдер мен заттар және басқа да құнды заттар) өз арналуы және тиесілігімен екі санатқа б о л і н е д і :

1) өндірістік қызметті қамтамасыз ету үшін әуежай қызметтері, кәсіпорындарға, авиакомпанияларға тиесілді;

2) осы қызметтермен басқа ұйымдардан және адамдардан алынғандар;

43. Тұлғалар мен көлікті әуежай аумағынан материалдық құндылықтарымен ауызша нұсқау бойынша немесе осы Ережелермен қарастырылмаған басқа жолмен өткізуге қатаң түрде тыйым салынады.

44. Әуежай аумағынан материалдық құндылықтарды шығару белгіленген үлгідегі тек материалдық рұқсатнамалар бойынша уәкілеттендірілген адамдардың рұқсатымен бұл құндылықтар уақытша немесе қайтарымсыз шығарылуына қарамастан жүзеге асырылады.

Материалдық рұқсатнама бойынша материалдық құндылықтар әуежай аумағынан (объектісінен) рұқсатнама жазылып берілген күні бір рет қана шығарылады (енгізіледі).

45. Материалдық құндылықтарды шығаруға (енгізуге) материалдық рұқсатнама тек материалдық құндылықтарды жіберетін (беретін) қызметпен ресімделеді. Материалдық рұқсатнамалар, тек қана бір реттік болып табылады және берілген күн үшін ғана заң күші бар.

46. Рұқсатнамалар материалдық рұқсатнамаларда нөмірлері қойылатын үстемелер негізінде жазылып беріледі.

47. Материалдық рұқсатнамалар әр көліктік бірлікке бөлек ресімделеді және тек әуежай аумағына немесе қорғалатын объектіге өтуге рұқсатнамасы бар адамдарға беріледі. Үстемеде көрсетілетін жүк бір мезгілде бірнеше автомобильде шығарылса, әр автомобильдің нөмірі мен сериясы көрсетілетін бір рұқсатнама жазылып беріледі.

Материалдық рұқсатнамада шығарылатын жүктің аты, орны, саны, салмағы, метражы, қорап түрі, жүк шығарылатын автомашинаның нөмірі мен сериясы анықталып жазылады. Үстеме шығарылатын жүктің бірнеше атауы аталған жағдайда, материалдық рұқсатнаманың бағанында: "Үстемеге сәйкес" деп көрсетіледі.

Аэродром аумағынан тасымалға қабылданған материалдық құндылықтарды шығару құқығына құжат "Шығаруға рұқсат етілді" деген жазумен Кеден мөрі қойылатын жүк жіберушінің үстемесі болып табылады, жүкті жіберуші, жүк артушы анықтап, өзінің аты-жөнін жазып, қол қояды.

48. Әкелінген жүкті алуға келген жақтас ұйымдардың делдалдық қоймасы аумағына өту құқығына құжат көрсетуде алушының жеке басын куәландыратын жедел-хат-хабарлама, жүк жіберушінің үстемесі немесе жүкті алуға сенім қағазы болып табылады.

49. Әуежайға жүкті жіберуге немесе алуға келген жақтас ұйымдар, фирмалар, авиакомпаниялар құжаттарды ресімдеу арқылы операцияларды делдалдық қоймаларда өткізеді.

50. Әуежай көлігімен жүктерді қоймадан ӘК дейін және артқа тасымалдау құқығы қойманың жауапты жұмысшыларымен берілген почталық-жүктік ведомость және рұқсатнама болып табылады.

51. Кәсіпорын мен қоймаға әуе көлігімен тасымалдау үшін басқа ұйымдардан қабылданған, сонымен қатар жолаушы адамдарды өткізу жүктік үстеме немесе өтініш-хат негізінде жүкті қабылдауға жасалады.

52. Әуежайға, авиакәсіпорындарға тиесілі әуежай аумағына жүкті енгізу жолдамалық қағаз және қажет түрде ресімделген үстемемен, жүк келген қызмет өкілінің жолдауымен жүзеге асырылады.

53. БТБ жұмыс істейтін АҚҚ жұмысшылары әуежай (объекті) аумағынан материалдық құндылықтардың шығуының заңдылығын тексеруге, почталық-жүктік ведомство немесе үстемеде көрсетілген материалдық

рұқсатнамада көрсетілген және шығарылатын жүктердің саны мен атауын кіргізілетін жүктердің саны мен атауларымен сәйкестігін тексеріп, шығарарда шығарылуға тыйым салынған материалдық құндылықтардан күдіктенуде жеке тексеруді өткізу. БТБ контролерлері материалдық рұқсатнамаларды қайтып аларда жұмыс күнінің соңында рұқсатнама бюросына тапсырады. БТБ-нің бақылаушылары қайта тексеруден бас тартушыларды, тәртіп бұзушыны ұстап АҚҚ қарауылының бастығын шақыруы тиіс.

Заңсыз жолмен материалдық құндылықтарды алып шығуға (алып кіруге) әрекет қылатын адамдарға кінәліні жауапқа тарту мәселесі туралы шешім қабылдау үшін бір түпнұсқасы әуежай баршылығына берілетін акт жасалады.

Қолға түскендерден алынатын материалдық құндылықтар әуежай қоймасына тапсырылады.

54. Материалдық рұқсатнамалар әуежай аумағына өтуге құқық бермейді.

8. Рұқсатнамалардың түрлері мен олардың тағайындалуы

55. Рұқсатнамалар мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) қолдану мерзімі бойынша тұрақты, уақытша, бір реттік;
- 2) белгіленуі бойынша - жеке, материалдық және көліктік.

56. Барлық рұқсатнамалар:

- 1) жеке - әуежайдың шекаралық, кедендік және бақыланатын аймақтарында ауысымның жұмыс уақыты кезінде өтуге;
- 2) материалдық - материалдық құндылықтарды алып шығуға (алып кіруге);
- 3) көліктік - шекаралық, кедендік және бақыланатын аймақта көліктің және механизация құралдарының кіруіне (шығуына) құқық беретін қызмет құжаттары болып табылады.

57. Әуежай аумағына және объектілерге кіру үшін:

- 1) тұрақты пластикалық рұқсатнама-тархеткалар - әуежай аумағында тұрақты табылатын әуежай, кеден, шекара органдары, басқа да кәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлеріне беріледі;

- 2) уақытша рұқсатнамалар - жұмысқа іссапарға жіберілетін және 1 жылдық мерзіммен кәсіпорындарда немесе олардың объектілерінде уақытша жұмыс істейтін қызметкерлерге беріледі.

- 3) "Визитер" - пластикалық рұқсатнама-тархеткалар: әуежай АҚҚ бастығымен бекітілетін, бақыланатын аумақтар мен объектілерге өтініш-хат бойынша келетін адамдарға беріледі (5 тәулікке дейін). "Визитер" рұқсатнамасы әуежай аумағында тұрақты табылатын тек әуежай, авиакомпаниялар, ұйымдар өкілдерінің жолдауымен әуежай объектілеріне өтуге құқық береді.

- 4) бір реттік рұқсатнамалар - адамдарға бақыланатын аймақтар мен

объектілерге уақытша кіруге ең көбі бір тәулік үшін рұқсат береді. Бір реттік рұқсатнамалар Авиация қауіпсіздік қызметінің бастығы немесе оны алмастыратын адам кедендік, шекаралық органдар бастықтарымен келісіліп береді және объектілерге өтуге тек АҚК, кеден, шекаралық органдар өкілдерінің жолдауымен келудің және жолдаудағы адамның мақсатын көрсетумен құқық беріледі.

58. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті пайдаланушының куәлігі бар басқа авиакомпаниялардың жұмысшыларына әуежаймен келісім-шарт, уақытша рұқсатнамалар-тархеткалар береді және ереже бойынша 1 жылдық мерзімге ресімделеді. Халықаралық рейстерге қызмет көрсету бойынша тұрақты және уақытша рұқсатнамалар беруге негіздеме әуежай, кеден, шекаралық органдар басшылығына жазылатын өтініш-хат болып табылады.

Сонымен қатар өтініш-хатта тәртіптік аймақта болу мақсатын көрсету қажет, және олардың қолданыс мерзімі мен беру негіздемелі болуы тиіс.

59. Уақытша рұқсатнамалардың қолдану мерзімін созуда, оларды беру әуежай, кеден, шекаралық органдар басшылығын жұмыста есеп үшін құлақтандырумен жүзеге асырылады.

60. Рұқсатнамаларды беруге шешім қабылдаудан бұрын адамның мұндай рұқсатнама беру туралы өтініш қаншалықты дұрыс негізделгенін мұқият тексеру қажет. Сонымен қатар, шешім қабылдауға негіз ретінде өтініш берушінің қызметі мен лауазымы себеп болмауы тиіс. Негізгі есеп осы адамға шектелген енудегі қорғалатын аймаққа өтуге қаншалықты жиі талап етілетіні немесе осы адам орындайтын инспекторлық функциялар бола алады.

61. Қорғалатын аймаққа шектелген енудегі рұқсатнамаларды беруде бұндай рұқсатнамалар осыған сәйкес аймақтарға енуге талап етілмейтін немесе тек сирек жағдайда талап етілетініне қатаң бақылауды жүзеге асыру қажет.

62. Халықаралық авиарейстерді ресімдеуге мүдделі қызметтердің өкілдері кезеңдік, шекаралық ресімдеу және жолаушыларды қайта тексеру орындары арқылы жылжуды шектеу қажет. Көрсетілген орындарда өтуге тек авиарейстерді ресімдегенге дейін және кейін рұқсат етіледі.

63. Берілген барлық рұқсатнамалар қатаң есепке алынуға жатады. Бақыланатын аймақтарда жұмыс істейтін барлық адамдар сырт киімінде бекітілген рұқсатнамаларды мұндай аймақтарда болған уақыттың барлық кезеңінде тағуы тиіс.

64. Әуежай, АҚК, кеден, шекаралық органдар қызметкерлері өз қызметтік міндеттерін орындау барысында авиакомпаниялардың, фирмалардың және

жақтас ұйымдардың жұмысшыларынан, егер осы жұмысшылар белгіленген тәртіпті бұзған жағдайда рұқсатнамаларды алып қоюға, және оларды кейін әуежайдың рұқсатнама бюросына тапсыруға құқығы бар.

65. Мемлекеттік қызметкерлердің автокөлігі әуежайдың бақыланатын аймағына Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігімен бекітілген, Қазақстан Республикасы Кіріс министрлігі Кедендік комитетімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметімен келісілген "Тәртіпке" сәйкес кіреді. Сонымен қатар осы автомашиналар жүргізушілерінің Әуежайдың арнайы автокөлік қызметі (бұдан әрі - ӘАҚ) мамандарының сараптамалық қорытындылары негізінде берілген рұқсатнамасы болуы қажет.

66. Әуежайда тұрақты орналасатын авиакомпаниялардың арнайы автокөлігіне тұрақты рұқсатнама ӘАҚ, ЖЖМ және перондық қызмет мамандарының сараптамалық қорытындылары негізінде беріледі. Бақыланатын аймаққа кіретін барлық автокөлік құралдары қызғылт сары түстегі жылтылдайтын маяктармен ж а б д ы қ т а л у ы т и і с .

Авиакомпаниялардың технологиялық автокөлігі қызмет көрсету аумағына өз әуе кемелеріне ғана жіберіледі және ӘК ұшқаннан кейін бақыланатын аймақта 1 сағаттай қалуға құқығы бар.

67. Көліктік рұқсатнама мынадай жағдайда қайтадан алынады:

1) шекаралық, кедендік және бақыланатын аймақта болу тәртібі бұзылған ж а ғ д а й д а ;

2) белгіленген схема мен іс-қимыл аймағын, аэродром бойына қозғалу жылдамдығын және аэродромда болу уақытын сақтамау жағдайында;

3) ксерокопияны пайдалану немесе рұқсатнама қолдан жасалған жағдайда;

4) рұқсатнаманы осы рұқсатнамада көрсетілмеген басқа автомашинаға немесе басқа жүргізушіге беру жағдайында (инструктаж өтпеген);

5) жүргізушіде автомобильді жүргізуге куәліктің, ӘК-не өтуді куәландыратын қ ұ ж а т т а р б о л м а ғ а н д а ;

6) аэродром аумағында өндірістік қажеттікке байланысы жоқ адамдармен к і р у д е ;

7) ӘК-нің бүтіндігіне жауапты және аэродромда қауіпсіз қозғалысты ұйымдастырушы, шекаралық және кедендік аймақтарда болу ережесін бақылауға жауапты адамдардың талаптарына бағынбауда;

8) жүргізушінің алкогольдік мас күйінде.

68. Мемлекеттік құрылым, авиакомпаниялар, фирмалар қызметкерлері жұмыстан, босатылғанда, басқа ұйымдарға ауысуына және рұқсатнамалардың қолдану мерзімінің бітуінде рұқсатнамалардың сақталуы, жинақталуы және уақытында тапсырылуына олардың бірінші басшылары жауап береді.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрінің
2000 жылғы 9 қазан N 409-1
бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасында халықаралық авиарейстердің
жолаушыларына қызмет көрсетудің
ережелері 1. Жалпы ережелер**

1. Халықаралық авиарейстердің жолаушыларына қызмет көрсетудің осы Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық авиарейстердің жолаушыларына қызмет көрсетуге негізгі талаптарды белгілейді.

2. Осы ережелерде пайдаланатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) бақыланатын аймақ - әуежайлардың, аэродромның жұмыс алаңы және оларға жапсарлас аумақ, енуі бақыланатын қызмет ғимараттары, құрылыстар, қ о й м а л а р ;

2) тазарту аймағы - тексеру, жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүкті, қол жүкті, қол жүгін тексерудің алғашқы бекеті мен әуе кемесінің арасындағы бақыланатын оған ену қатал бақыланатын аймақ бөлігі;

3) транзиттік аймақ - шекаралық бақылау бекеті мен әуе кемесінің арасындағы тазарту аймағының бөлігі. Транзиттік аймақ аумағында жолаушы, оның теңдеме жүгі, қол жүгі қосымша тексеруге, қайта тексеруге жатпайды. Транзиттік аймаққа ену мүмкіндігі белгіленген үлгідегі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің келісімімен берілген рұқсатнама бойынша қатаң түрде жүзеге асырылады;

4) бақылау тексерісі - жолаушыларды, азаматтық әуе кемелерінің мүшелерін, қызмет көрсетушілерді, қол жүгін, почтаны және борттық қорды (бұдан әрі мәтінде Тексеру), қару-жарақты, жарылғыш заттарды немесе заңсыз араласу әрекетін жасауға пайдаланылуы мүмкін басқа да қауіпті құрылғыларды табуға арналған техникалық құралдармен тексеру;

5) жалпылай тексеру аймағы - авиациялық қауіпсіздік қызметін тексеру және к е д е н д і к б а қ ы л а у а й м а ғ ы ;

6) шекаралық бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекаралық қызметтің шекаралық бақылау бөлімшелері (органдары) атқаратын іс-шаралар кешені, оған: Қазақстан Республикасына кіру және Қазақстан Республикасынан шығу құқығына құжаттарды тексеру;

көліктік құралдар, жүктер және басқа да мүлікті тексеру;
көліктік құралдарды бақылау және оларды шығарып салу;
Қазақстан Республикасына кіруге тыйым салынған адамдарды бақылау;
шекаралық тексеріс жедел және тәртіптік іс-шаралармен бірге жүзеге
а с ы р ы л а д ы .

7) транзиттік жолаушы - халықаралық әуе тасымалы келісіміне сәйкес аралық әуежайға келген рейспен одан әрі қарай тасымалданатын жолаушы;

8) трансферлік жолаушы - халықаралық әуе тасымалы келісіміне сәйкес трансфер бекетіне бір рейспен жеткізіліп, әрі қарай сол немесе басқа тасымалдаушының рейсімен жеткізілетін жолаушы;

9) транзиттік жүк (теңдеме жүк) - жүктік құжатқа сай (қол жүк ведомос) аралық бекетке жеткізген рейспен одан әрі тасымалданатын жүк (теңдеме жүк);

10) трансферлік жүк (теңдеме жүк) - жүктік құжаттамасына сай (қол жүгі ведомосі) аралық бекеттен трансферлік бекетке бір рейспен жеткізіліп, одан әрі сол немесе басқа рейстің тасымалдаушысымен әрі қарай тасымалданатын жүк (теңдеме жүк).

3. Барлық жолаушылар, теңдеме жүк, қол жүгі, сонымен қатар экипаж құрамы және олардың қол жүгі әуе кемесінің бортына көтерілуге рұқсат берілгенге немесе тазарту аймағына өткенге дейін тексеруді өтуі керек.

Тексеру - билеттер, теңдеме жүк, жүк тірелгенше жүргізіледі.

4. Қол жүгін, теңдеме жүкті, жүкті, почтаны, борттық тамақты, әуе кемесінің экипажын және жеке тексеру өткізу құқығы кедендік органдардың, арнайы дайындықтан өткен әуежайлардың, авиациялық, қауіпсіздік қызметкерлеріне беріледі.

5. Жалпылай тексеру аймағын кесіп өтуді бақылау кедендік органдар мен авиациялық қауіпсіздік қызметіне, шекаралық бақылау аймағын кесіп өтуді бақылау - шекара органдарының қызметкерлеріне жүктеледі.

6. Жолаушыда заңсыз араласу әрекетін жасауға пайдаланылуы мүмкін жарылғыш зат, қару жарақ немесе басқа құралдар табылса немесе бар екені туралы мәлімет болған жағдайда тексеріс авиациялық қауіпсіздік қызметкерлері ішкі істер органдары қызметкерлерімен бірлесіп жасалынады (шақыру тәртібі, ішкі істер органдары қызметкерлерінің келу уақыты әуежай басшылары мен ішкі істер органдары әзірлеген және бекітілген өзара іс-қимыл кестесімен белгіленеді).

7. Жеке тексерістен немесе қол жүгі мен теңдеме жүгін тексеруден жалтаратын жолаушылар тасымалға жіберілмейді.

2. Ұшатын жолаушыларға қызмет көрсету

8. Тексерісі жалпылай тексеру аймағында мынадай дәйектілікпен жүргізіледі:

1) тасымалды ұйымдастыру қызметінің қызметкері жолаушылардың авиабилеттері мен олардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексереді, қайта қарауды өту ережесі туралы кеңес береді де, теңдеме жүк пен қол жүгін техникалық құралдармен тексеру орындарына өтуді ұсынады. Жолаушылар авиациялық қауіпсіздік қызметі мен кедендік органдар қызметкерлері жолаушыларды, теңдеме жүк және қол жүгін техникалық құралдар арқылы тексеретін жалпылай тексеру аймағына өтеді; U952697

2) Тексеріс аяқталғаннан кейін авиабилетте авиациялық қауіпсіздік қызметі қызметкерінің жеке нөмірлік мөртаңбасымен тексеру өткізілгені туралы белгі соғылады.

9. Жалпылай тексеру аймағындағы кеден қызметінің қызметкерлері: тазарту аймағына бөгде адамдардың өтуіне жол бермейді; кедендік мағлұматтар, төлқұжат, банктік рұқсатнамалар және кедендік ресімдеуге арналған басқа да құжаттарды дайындау қажеттігі туралы жолаушыларды құлақтандырады;

қолданыстағы кедендік ережелер туралы азаматтарға кеңес береді, кедендік бақылау аймағындағы тәртіпті сақтайды;

жолаушылық кеден декларациясының дұрыс толтырылуын тексереді; азаматтардан ауызша сұрау алу;

кажет болған жағдайда қол жүгі мен теңдеме жүгін тексереді, декларацияда бар валюта мен басқа заттар немесе құндылықтарды салыстырады, анықтама-куәліктер және басқа да құжаттарды тексереді.

Тексеру барысында Қазақстан Республикасынан шығаруға тыйым салынған валюта, заттар, басқа да құндылықтар заңдарда белгіленген тәртіпте ресімделіп, шығаруға жіберілмейді.

Кедендік ережелерді бұзу, контрабанда табылуы немесе контрабанда бар екендігі туралы негіздеме болған жағдайда қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әрекет етеді.

Кедендік ресімдеуді өтпеген жолаушылар тіркеуге жіберілмейді.

10. Кедендік ресімдеу мен бақылау аяқталғаннан кейін кедендік декларацияға мөртаңба қойылады да, жолаушы тіркеу және авиабилеттерді ресімдеу, теңдеме жүк тапсыру, тасымалдарды қамтамасыз ету қызметтерінің отырғызу талондарын беру бағандарына бет алады. Одан әрі жолаушы шекаралық бақылау аймағына өтеді.

11. Шекаралық бақылау аймағында шекаралық бақылау шекаралық бақылауды оң тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметі Шекаралық қызметінің қызметкерлері Қазақстан Республикасы аумағында шет ел азаматтарының болуының заңдылығын айқындауға төлқұжаттарды, визалық тәртіптің сақталуын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өту құқығына жолаушылар құжаттарының шын мәнділігін тексереді.

Шекаралық бақылауды өткеннен кейін шекаралық қызмет жұмысшыларынан төлқұжат пен отырғызу талонын алып, жолаушы транзиттік аумаққа барады. Ұшақтың ұшуға дайын болуымен әуежай тасымалдарын қамтамасыз ету қызметі қызметкерінің жолдауымен, шекара қызметі қызметкерінің бақылауымен жолаушылар әуе кемесінің бортына жеткізіледі.

12. Шет елдік бағыттағы жолаушыларды көлік құралдарына отырғызу, сонымен қатар теңдеме жүк, почта, жүктер және басқа да мүліктер Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметі органдарының рұқсатымен, кедендік қызметтің келісімімен жүргізіледі.

13. Шет елдік бағыттағы әуе кемесін тұрақ орнынан қозғалту Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің Шекаралық қызметі органдарының рұқсатымен жүргізіледі.

3. Ұшып келетін жолаушыларға қызмет көрсету

14. Әуежайлар әкімшілігі әуежайға шоғырландырылған Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің бөлімшелерін және кедендік органда шет елдерден келетін, кемелері туралы: уақыты, тиесілілігі, түрі, тоннажы, жолаушылар саны, тасымалданатын жүктің салмағы, орны, тұрақ нөмірі, осы әуе кемесіне қызмет көрсету бойынша жұмысқа қызмет көрсету қызметшілерінің қай бригадасы жіберілгендігі хабарландыруға міндетті.

15. Жолаушыларды қарсы алуды тасымалдарды ұйымдастыру және шекаралық қызмет қызметкерлері жүзеге асырады, олар жолаушыларды арнайы рәсімдерді өту туралы құлақтандырады.

16. Әуе кемесінің келуімен шекаралық және кедендік қызмет қызметкерлері экипаж мүшелерінен қажетті құжаттар, сонымен қатар әуе кемесінің бортындағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай туралы ақпараттар алады. Қажет болған жағдайда медициналық қызметтің уәкілеттендірілген қызметкерлері шақырылады.

17. Тасымалды ұйымдастыру қызметінің қызметкері шекара қызмет қызметкерлерінің рұқсатымен және бақылауымен жолаушыларды әуежай ғимаратына жеткізуді жүзеге асырады.

18. Әуежайы ғимаратына жеткізілгеннен кейін жолаушылар шекаралық бақылау залына (немесе транзиттік аумаққа) өтеді, қажет болған жағдайда транзиттік аймақта орналасқан консулдық қызметтің қызметімен пайдаланады.

19. Шекаралық бақылау аймағында жолаушылар төлқұжаттық бақылаудан өтеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің органдары Қазақстан Республикасынан шығуға құқығы бар шынайы құжаттар бойынша Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өтуге бет алған адамдардың өтуін жүзеге асырады.

20. Кедендік бақылауды өткеннен кейін жолаушылар теңдеме жүкті беру аймағына барады да теңдеме жүгін алады және кедендік бақылау аумағына өтеді.

21. Жолаушылар Қазақстан Республикасының кедендік заңнамаларында белгіленген тәртіппен кедендік ресімдеу мен бақылау өтеді.

22. Кедендік қызмет қызметкерлері кедендік бақылауды жүзеге асыруда:

1) жолаушыларды кедендік мағлұматтар, төлқұжаттар және басқа да құжаттарды көрсету қажеттігі жөнінде хабардар етеді және оларды кедендік ресімдеу мен бақылаудан өтуге жібереді;

2) жолаушыларды қолданыстағы кедендік ережелер туралы құлақтандырады, кедендік бақылау аймағында тәртіпті сақтайды;

3) жолаушылық кедендік мағлұматтың дұрыс толықтырылуын тексереді;

4) бөгде кісілердің тазарту аймағына өтуіне жол бермейді;

5) жолаушылардың қол жүгі мен теңдеме жүгін рентгендік-теледидарлық құрылғылардың көмегімен қарауды жүзеге асырады;

6) жолаушылардан ауызша сұрау алады.

Қажет болған жағдайда қол жүгі мен теңдеме жүгін қайта тексереді, мағлұматта айтылған бар валюта мен басқа да заттарды немесе құндылықтарды салыстырады, олар сәйкес келген жағдайда, жеке номерлік мөртаңбасымен кедендік мағлұматты куәландырады. U952697

Кедендік ережелер бұзылған жағдайда, контрабанда табылса немесе контрабанданың бар екеніне негіз болатын жорамал болса, кедендік қызметтің, қызметкерлері Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес іс-қимыл жасайды.

23. Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген бажсыз жүк әкелу нормаларынан асатын тауарлар таситын жолаушыларды кедендік ресімдеу - жүктік кедендік мағлұматты толтырумен жүргізіледі.

4. Транзиттік жолаушыларға қызмет көрсету

24. Транзиттік рейстің бағыты туралы жайында ақпарат алынған жағдайда (рейс нөмірі, ұшып келу уақытының есебі, транзиттік жолаушылардың саны мен

санаты) тиісті кедендік, шекаралық органдардың қызметтері ауысымдарының басшылары транзиттік рейспен келетін ұшақты қарсы алу бойынша жауаптыларды тағайындайды және нұсқау береді.

25. Әуе кемесінің экипажы әуежайдың диспетчерлік қызметіне ұшақтың бортынан жолаушылар мен экипаж саны, теңдеме жүк пен қол жүгінің бар екендігін хабарлайды, ал диспетчерлік қызмет хабарланғандарды шекаралық қызмет пен әуежай қызметтеріне жеткізеді.

26. Әуе кемесінің қонуы мен тұрағының нөмірі туралы ақпарат алғаннан кейін әуежай, кеден және шекаралық органдардың қызметкерлері ұшаққа оның тұраққа бұрылған сәтінде бет алады.

27. Шекаралық қызметтің қызметкерлері жолаушылардың ұшақтан шығуына
р ұ қ с а т б е р е д і .

Халықаралық транзиттік рейсті ресімдеуді жүргізетін шекаралық органдардың қызметкерлері ұшақтың ұшып шыққанына дейін шекаралық тәртіпті сақтау үшін әуе кемесінің бортында қалады (шет елдік әуе кемелерінен басқалары).

28. Ұшақтан түскеннен кейін жолаушылар әуежайдың тасымалдарды ұйымдастыру қызметі қызметкерлерінің ілесуімен және шекаралық органдардың бақылауымен шекаралық тәртіпті қамтамасыз ету үшін транзиттік залға шығарылып салынады.

29. Бөгде кісілердің транзиттік залда болуына немесе транзиттік аймаққа кіруіне әрекет жасауға тыйым салынады.

30. Ұшатын жолаушыларды тіркеу аяқталғаны және әуе кемесінің ұшуға және экипаждың жолаушыларды қабылдауға дайындығы туралы ақпарат алғаннан кейін шекаралық органдардың қызметкерлері транзиттік (трансферлік) жолаушылардың әуе кемесіне отырғызылуын бақылайды.

31. Санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринарлық және фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыратын ішкі істер органдары, тазарту аймағының сыртында болады да, қажет болған жағдайда ғана шақырылады. Сонымен қатар Ішкі Істер органдары арнайы іс-шаралар жүргізу барысында заңнамамен белгіленген тәртіпте өз қызметін жүзеге асырады.

32. Осы ережелердің қолданылуы дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттерге ие тұлғаларға қатысты емес.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к

ж ә н е

к о м м у н и к а ц и я л а р

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 0 ж ы л ғ ы

9

қ а з а н

N

4 0 9 - 1

б ұ й р ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Астана, Алматы және Атырау қалалары әуежайларының
қызметін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары**

N N п.п	Іс-шаралар	Орындауға жауапты			Аяқтау мерзімі
		Аяқтау	Министрліктер мен нысаны	ведомстволар және ұйымдар	

A	1	2	3	4
---	---	---	---	---

1. Вокзал маңы аумақтарының жұмысын жақсарту

1. Вокзал аумақтарындағы жерді, ғимараттарды пайдалануды Астана, Алматы және Атырау қалаларының әкімшіліктерімен	Жоспар- ж/е есеп	Астана, Алматы және Атырау қ.қ. әуежай. ларының бірінші басшылары, КжКМ Аза. маттық авиация комитеті	Тұрақты әуежай.
а с ы р у	к е л і с е	о т ы р ы п	ж ү з е г е

2. Такси тұрақтары мен жеке және қызметтік автокөлік. тердің парктік тұрақтарын ұйымдастыру және олардың тиісті жұмыс істеуін ұйымдастыру	Пайдала. нуға енгізу туралы	Әуежайлардың бірінші басшылары Астана, Алматы және Атырау қ.қ. тиісінше әкті	2000 жылғы III тоқсан әкімшіліктерімен келісе отырып
---	-----------------------------	--	--

3. Такси жүргізушілерін аэровокзалдар ғимараттарын. да болдырмау шараларын қабылдауды қамтамасыз ету	Жоспар- есеп	Астана, Алматы және Атырау қ.қ. әуежай. ларының бірінші басшылары, Қазақстан Республика. с ы н ы ң	2000 жылғы III тоқсан І І М
--	--------------	--	-----------------------------

2. Әуежайлардағы сервисті жақсарту

1. СІМ консулдық қызметі жолаушыларымен даулы жағдайларды қабілетті інің тұрақты қамтамасыз	Жоспар- есеп	ҚР Сыртқы істер министрлігі реттеуге қызметкерлер. кезекшілігін ету
--	-----------------	--

2. Мемлекеттік және ағылшын тілдерін білетін, кедендік, шекаралық және басқа да мәселелерді жолаушылармен даулы мәселелерді реттеуге қабілетті аэровокзал әкім. герлерінен тұрақты кезек. шілікті қамтамасыз ету	Жоспар- есеп	Астана, Алматы және 2000 Атырау қ.қ. әуежай. жылғы ларының бірінші ІІІ басшылары, ҚЖКМ тоқсан Азаматтық авиация комитеті, ҚР КМ кеден. дік комитеті, ҚР ҰҚК ШҚ (келісім бойынша)
---	-----------------	--

3. Халықаралық авиарейстерге ауызекі қытай тілінде және компьютермен жұмыста қызмет етуді қамтамасыз етуді қам. тамасыз ететін кедендік және шекаралық қызметтерге әуежай қызметкерлерін үйрету жөнінен шаралар қабылдау	Жоспар- есеп	Астана, Алматы және 2000 Атырау қ.қ. әуежай. жылғы ларының бірінші ІІІ басшылары, ҚЖКМ тоқсан Азаматтық авиация комитеті, ҚР КМ кеден. дік комитеті, ҚР ҰҚК ШҚ(келісім б о й ы н ш а)
---	-----------------	--

4. Аэровокзалдарда банктік айыр. бастау-сервистік пункттерінің жеткілікті санын ашу, аэровок. залдарды банкоматтардың жеткі. лікті санымен жабдықтау	Есеп	Астана, Алматы және 2000 Атырау қ.қ. әуежай. жылғы ларының бірінші ІІІ басшылары, ҚЖКМ тоқсан Азаматтық авиация к о м и т е т і
--	------	--

5. Аэровокзалдарды анықтамалық- ақпараттық жүйенің(табло, мониторлар) жеткілікті санымен жабдықтау	Жоспар- есеп	Астана, Алматы және 2000 Атырау қ.қ. әуежай. жылғы ларының бірінші ІІІ басшылары, ҚЖКМ тоқсан Азаматтық авиация
---	-----------------	---

6. Аэровокзалдар дүкендерінде duty-free, бұл дүкендерде дәстүрлі қазақстандық өнім. дерін, базарлықтарды, көр. кемөнер бұйымдарын және т.б. іске асыру мүмкіндігін қарастыру. Әуежайдың барлық сауда нүктелерінде бірдей шартты бірыңғайлығын қамтамасыз ету	Жоспар- есеп	Астана, Алматы және Атырау қ.қ. әуежай. ларының бірінші басшылары, КжКМ Азаматтық авиация комитеті, ҚР МКМ кедендік комитеті	2000 жылғы III тоқсан
--	-----------------	--	--------------------------------

3. Халықаралық жолаушыларды жөнелту және қабылдау ресімдерін жақсарту

1. Жолаушылармен кедендік және шекаралық қызметтің қызмет. керлері арасындағы қарым- қатынас стилін түбегейлі түрде өзгерту: пен теріс күдікшілік қонақжайлылыққа және қажетті ресімдерді мүмкіндігінше байқаусыз жасау. Кедендік және шекаралық қызметкерлері жолаушыларды күту мәдениетіне оқытуды ұйымдастыру	Жоспар- есеп	ҚР МКМ кедендік комитеті, жылғы ҚРҰҚК ШҚ (келісім бойынша)	2000 III тоқсан
---	-----------------	---	-----------------------

2. Кедендік және шекаралық ресім. дерді өтуге қажетті, сондай-ақ кедендік және шекаралық бақылау. дың бар барлық пункттерін бір мезгілде пайдалану уақытты мейлінше жолымен қысқарту	Жоспар- есеп	ҚР МКМ кедендік комитеті, жылғы ҚРҰҚК ШҚ (келісім бойынша)	2000 III тоқсан
--	-----------------	---	-----------------------

3. Аэровокзалдарды анықтамалық- ақпараттық жүйелердің жеткі. лікті санымен жабдықтау	Есеп	Астана, Алматы және Атырау қ.қ. әуежай. жылғы ларының бірінші	2000
--	------	---	------

басшылары, КжКМ III
 Азаматтық авиация тоқсан
 комитеті, ҚРІІМ
 ҚР ҰҚК ШҚ(келісім
 б о й ы н ш а)

4. Аэровокзалдарда duty-free дүкендерін ұйымдастыру, аталған дүкендерде қазақстандық дәстүр. лі өнімдерінің, базарлықтарының, көркемөнер кәсіпшіліктерінің бұйымдарының және т.б. болуын қамтамасыз ету. Әуежайлардағы барлық сауда мекендерінде лігін кедендік жасай отырып	Есеп Астана, Алматы және 2000 Атырау қ.қ. әуежай. жылғы ларының бірінші басшылары, КжКМ III Азаматтық авиация тоқсан комитеті, ҚР ҰҚК ШҚ(келісім бойынша) бағалардың бірдей. теңдес шарттар қамтамсыз ету.
---	--

5. Кеден және шекара қызметкер. Бұйрықтар лерінің жолаушыларымен қарым-қатынас стилін түбегейлі өзгерту: шүбәланудан және теріс ниеттіліктен қонақжайлылыққа және қажетті рәсімдерді мүмкіндігінше байқаусыз етуге тырысу. Кеден және шекара қызметкерлерін ларға мәдениетті қызмет етуге үйретуді	Астана, Алматы және Тұрақ. Атырау қ.қ. әуежай. ты ларының бірінші басшылары, КжКМ Азаматтық авиация комитеті, ҚР МКМ кедендік комитеті жолаушы. қызмет етуге ұйымдастыру
--	--

6. Консулдық пункттердің жаңа дизайнын әзірлеу	Жобалық Астана, Алматы және 2000 құжат. Атырау қ.қ. әуежай. жылғы тамалық ларының бірінші басшылары, КжКМ III Азаматтық авиация тоқсан комитеті, ҚР СІМ
--	---

7. "Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі"	Жобалық Астана, Алматы және 2000 құжат. Атырау қ.қ. әуежай. жылғы
---	---

анықтамалық стендінің
дизайнын әзірлеу

тамалық ларының бірінші
басшылары, КжКМ ІІІ
Азаматтық авиация тоқсан

комитеті, ҚР СІМ _____

8. Консулдық пункттерде қазақ,
ағылшын тілдерінде

Есеп

Астана, Алматы және 2000
Атырау қ.қ. әуежай. жылғы

"Қазақстан Республикасының
визаларын беру тәртібі"

ларының бірінші
басшылары, КжКМ ІІІ

стендінде көрсету таблосын

Азаматтық авиация тоқсан

о р н а т у

к о м и т е т і